

Қазақстан Республикасы мен Румыния Сыртқы істер министрлерінің хат алмасуы нысанында дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелеріне арналған рұқсатнамалардың күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметінің арасында келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 мамыр N 610

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мен Румыния Сыртқы істер министрлерінің хат алмасуы нысанында дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелеріне арналған рұқсатнамалардың күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметінің арасындағы келісімінің жобасы мақұлдансын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Жоғары мәртебелі !

Сіздің 2000 жылғы 9 тамыздағы мәтіні төменде келтіріліп отырған хатынды алғанымды хабарлауды өзіме мәртебе санаймын.

"Жоғары мәртебелі !

Румыния мен Қазақстан Республикасы арасында келу рәсімдерін оңайлату мақсатында Румыния Үкіметі Қазақстан Республикасы Үкіметімен мынадай шарттарда Келісім жасасуға әзір екендігін Сізге хабарлауды өзіме мәртебе санаймын:

1. Румыния Үкіметі Қазақстан Республикасының азаматтары - қолданыстағы дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелерін келген кезінен бастап 90 тәуліктен аспайтын мерзімге келу немесе болу үшін Румынияға келу мақсатымен рұқсатнама алу

қ а ж е т т і г і н е н

б о с а т а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Румыния азаматтары - қолданыстағы дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелерін келген кезінен бастап 90 тәуліктен аспайтын мерзімге келу немесе болу үшін Қазақстан Республикасына келу мақсатымен рұқсатнама алу қажеттігінен босатады.

3. 90 күннен артық мерзімге екінші елдің аумағына келгісі келетін екі елдің азаматтары - дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелері алдын ала рұқсатнама алуы тиіс. Рұқсатнаманы тиісті мемлекеттің дипломатиялық қызметі ақысыз ресімдейді

4. Қазақстан Республикасында дипломатиялық қызмет қызметкерлері ретінде қызметтік іссапарда жүрген Румыния азаматтары - дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелері және олардың отбасы мүшелері өздерін тіркелген кезеңіне рұқсатнама ресімдемей Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және онда қалуына болады.

Румыния Премьер-Министрінің орынбасары

Сыртқы істер министрі

Жоғары мәртебелі Петре Роман мырзаға

5. Румынияда дипломатиялық қызмет қызметкерлері ретінде қызметтік іссапарда жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары - дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелері және олардың отбасы мүшелері өздерінің тіркелген кезеңіне рұқсатнама ресімдемей Румыния аумағына келуіне және онда қалуына болады.

6. (i) Румыния Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі осы Келісім күшіне енгізілгенге дейін 30 күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы қолданыстағы дипломатиялық және қызметтік паспорттар үлгілерімен алмасады.

(ii) Дипломатиялық және қызметтік паспорттарда әлдебір өзгерістер болған жағдайда, олар күшіне енгізілгенге дейін 30 күннен кешіктірмей мүдделі ел екінші елге жаңа үлгілерді оларды қолдану жөніндегі ақпаратпен қоса жібереді.

7. Келісімнің күші бір Үкімет 30 күн бұрын екінші Үкіметке алдын ала

жазбаша түрде хабарлама жасауды арқылы тоқтатылуы мүмкін.

Егер жоғарыда көрсетілген ұсыныстар Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін қолайлы болса, онда осы нота және Жоғары мәртебелі Сіздің жауап нотаңыз дипломатиялық және қызметтік паспорттар иелері үшін рұқсатнамалық режимді жою жөнінде екі Үкімет арасындағы келісімді білдіреді ол Сіздің жауабыңыз берілген күннен бастап 90 күн өткеннен кейін күшіне енеді деп ұсыныс жасауды өзіме мәртебе санаймын.

Жоғары мәртебелі, Сізге деген аса жоғары құрметіме сендіруімді қабыл алыңыз.

Румыния Премьер-Министрінің орынбасары
Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
Жоғары мәртебелі Е.Ыдырысов мырзаға"

Қазақстан Республикасының Үкіметі Румыния Үкіметінің ұсынысымен келісетінін және Жоғары мәртебелі Сіздің 2000 жылғы 9 тамыздағы хатыңыз бен осы жауап хат екі ел Үкіметтері арасындағы Келісім болып табылатындығын, ол осы хат жазылған күннен бастап 90 күннен кейін күшіне енетінін хабарлауды өзіме мәртебе санаймын.

Жоғары мәртебелі, менің терең құрметімді қабыл алыңыз.

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

Астана, 2001 жылғы _____

М а м а н д а р :

Б а г а р о в а Ж . А .
К а с ы м б е к о в Б . А .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК